

"Байқоңыр Лтд" бірлескен кәсіпорнының қызметіне Қазақстан Республикасының шетел инвестициялары туралы заңдарын қолдану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 9 тамыз N 989. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.07.31. N 1190 қаулысымен. ~P971190

"Шетел инвестициялары туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы N 266 Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Бірлескен кәсіпорынға шетел инвестицияларын жүзеге асырған сәт "Байқоңыр Лтд" бірлескен кәсіпорнын мемлекеттік тіркеу күні (1993 жылдың 7 сәуірі) болып саналсын.

Қазақстан Республикасының министрліктері, мемлекеттік комитеттері мен орталық атқарушы органдары, Алматы қаласының әкімі "Шетел инвестициялары туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 1-тармағына сәйкес 2003 жылдың 7 сәуіріне дейін "Байқоңыр Лтд" бірлескен кәсіпорнының қызметіне кәсіпорынды тіркеу сәтінде қолданылған заңдарды қолдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы 2003 жылғы 7 сәуірге дейінгі кезеңде:

"Байқоңыр Лтд" бірлескен кәсіпорнының қызметіне оны тіркеу сәтінде қолданылған салық заңдарының нормалары мен салық ставкалары қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті импортқа шығарылатын тауарларға кеден бажымен есеп айырысу кезінде "Байқоңыр Лтд" бірлескен кәсіпорнының қызметіне 2003 жылдың 7 сәуіріне дейін кәсіпорынды тіркеу сәтінде Қазақстан Республикасында қолданылған кеден заңдарын қолдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі